

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 196 "2013-2014 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № 67 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 сәуірде № 2593 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 тамызына дейін қолданыста болды

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 23 қаңтардағы 2001 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабының 2 тармағына, "Білім туралы" 27 шілдедегі 2007 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 2 тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 196 "2013-2014 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2352-нөмірмен тіркелген, 2013 жылғы 7 тамызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасында:

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	0802000	Мұнай-газ құбырлары және мұнай газ қоймаларын салу және пайдалану		
	0802043	Техник	25	
	0907000	Техникалық жылу жабдықтары және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)		
	0907033	Жылу технигі	25	25
	0819000	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы		
	0819073	Техник-технолог	25	25

0814000	Полимер өндірісінің технологиясы		
0814023	Техник -технолог	25	25
0812000	Резеңке техникалық өндіріс		
0812083	Техник - технолог	25	25
0813000	Шина өндірісі және көркейту процесі технологиясы		
0813023	Техник	25	25
Барлығы		150	150

"Ізденіс" көп салалы колледжі ЖШС" деген бағаны алынып тасталынсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ә.Қаныбековке жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов